

FTAMP 12.09.11

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.1.42>¹Сарқытқан Қ.  ²Дунбаева З.  ³Ахметова А. ¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан² Алматы қаласы, № 126 маманданжырылған лицей, Алматы, Қазақстан³ Абай атындағы ҚазҰПУ, «Abai LABS» ғылыми-инновациялық паркінің жетекшісі, Алматы, ҚазақстанE-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²zaure.donbayeva@mail.ru, ³aktlek_ahmetova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ-ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯСЫ (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ МЫСАЛЫНДА)

Андатпа. Мақала Қазақстанның Қытаймен және Жапониямен қарым-қатынасын Қазақстанның білім беру және ғылыми саласының құрылымы мен ерекшеліктерін сипаттау негізінде зерттеуді мақсат еткен. Осы мақсатқа сай төмендегідей міндеттер алға қойылған: Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдердегі білім және ғылым саласында алып барған реформалары негізінде жеткен жетістіктері; отандық білім мен ғылымның өзіндік ерекшеліктері мен құрылымдық жағдайлары; сондай-ақ Қазақстандағы білім мен ғылым саласындағы соңғы жаңалықтарын қарастыру. Мақалада Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тығыз қарым-қатынастарға негіз болған құқықтық және институционалдық алғы-шарттар, үкіметтік деңгейде қол қойылған келісім-шарттар және көп жақтылы келісімдер қарастырылып, оның ішінде экономикалық, мәдени және білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтар қамтылған. Бұл мазмұндар мақаланың өзіндік жаңалығы болып табылады.

Мақалада негізгі нәтижелер ретінде мына тұжырымдарды қарастыруға болады. Біріншіден, Қытайдың Қазақстанның білімі мен ғылым жүйесіне жасап отырған ықпалы артып келеді. Бұны қазақстанда қытай тілін үйренушілердің артуы, қытай тілін оқытатын орталықтардың көбеюі, Қытайға барып білім алушы студенттер санының жыл сайын артуы және Қазақстандағы кітап дүкендері мен кітапханаларында қытай тіліндегі әдебиеттердің сатылуы жолға қойылуы секілді жағдайлармен сипаттауға болады.

Екіншіден, Жапония мен Қазақстан арасындағы білім және ғылым саласындағы қарым-қатынастары қазіргі кезде тек даму үстінде екендігі, алайда даму болашағаның зор екендігін көрсетеді. Себебі, Жапония Қазақстанның сыртқы саясаты мен экономикалық ынтымақтастықта маңызды ел. Сондықтан Қазақстан мен Жапония арасындағы білім және мәдениет саласындағы қатынастардың қазіргі деңгейденде жоғары болуы ықтималдығының толық негізі бар екендігі тұжырымдалады.

Алғыс: Бұл мақала: ЖТН АР19679663 «Орта Азияның қазіргі геосаяси кеңістігіндегі мүделер ықпалдастығы: Экономикалық интеграция және ұлттық қауіпсіздік факторлары» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасының зерттеу нәтижелері негізінде жазылды.

Түйін сөздер: Отандық білім, ғылым саласындағы реформалар, білім миграциясы, заңдық-құқықтық негіздер, білім интеграциясы.

Кіріспе

Білім беру мен ғылыми зерттеулер әлемнің барлық елдері үшін дамудың жетекші күші ретінде танылды. Елдер жаһандық даму мен инновацияда алда болу үшін білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға күш салуда. Қазақстан Кеңес Одағы жылдарында білім берудің дәстүрлі форматында болды. Алайда егемендік алып, экономиканы нарықтық жүйеге көшірген соң білім мен ғылым саласында елеулі реформалар

жасады. Реформаның мақсаты - Қазақстанның білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сай ету және қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Тәуелсіздік алған соңғы Қазақстанның жоғары білім жүйесінің даму тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Алғашқы кезең (1991-1994 жылдар) – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасы қалыптасты;

Екінші кезең (1995- 1998 жылдар) – жоғары білім жүйесі модернизацияланды және мазмұны жаңартылды;

Үшінші кезең (1999-2000 жылдар) – білім беру жүйесін қаржыландару орталықсыздандырылып, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейтілді;

Төртінші кезең (2001-2010 жылдар) - жоғары кәсіптік білім беру жүйесі стратегиялық тұрғыда дамытылды;

Жаңа кезең (2011 қазірге дейін) - инновациялық дамуға бейімделген, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделі қалыптасты.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі даму барысында оған қатысты біраз заңдар мен бағдарламалар бекітілді. Мысалы, «Білім туралы» заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы», «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (2020 жыл) және т.б. құжаттар бекітілді (Kaster Sarkytkan, Azamat Baitassov, 2021).

Қазақстан білім беру саласындағы елеулі өзгеріс - жеке меншік мектептер мен университеттердің ашылуы болды. Осыдан кейін мектеп пен университеттер саны көбейді. Мысалы, елімізде жоғары оқу орындарының саны 1991 жылы шамамен 60 болса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 130 жеткен. Оларда жыл сайын 500 мыңнан астам студент білім алады. Олардың ішінде 33 мемлекеттік, 91 жеке, 4 шетелдік жоғары оқу орны бар. Алдағы уақытта тағы 5 шетелдік жоғары оқу орны бөлімшелері елімізде ашылмақшы. Олардың ішінде Қазіргі таңда Алматыда Де Монтфорт Лестер Ұлыбритания университетінің филиалы жұмыс істей бастады. Ал Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті Аризона университетіне сенімгерлік басқаруға беріледі (<https://sputnik.kz/20220201>).

Қазақстанда білім беру үш тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілде оқитын студенттердің үлесі – 64,9%, орыс тілінде – 29,6%, ағылшын тілінде – 5,5% (02.02.2021 <https://www.inform.kz>). Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жеке институт мемлекеттік университеттермен бірдей құқықтар мен артықшылықтарға ие болды. Нәтижеде Қазақстан азаматтары үкімет талабы бойынша тегін, бірақ конкурстық негізде жоғары білім алу мүмкіндігіне ие (Harman, G., Hayden, M., & Nghi, P.T. ,2010).

Қазақстан 2010 жылы наурыз айында ресми түрде Болон декларациясына қосылып, жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47 - мүшесі және толық құқылы Орта Азия мемлекеті болды. Осы негіз бойынша Қазақстанда үш деңгейлі білім беру жүйесі жасақталды. Олар:

- жоғары базалық білім немесе жоғары арнайы білімге арналған – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

- жоғары ғылыми-педагогикалық білім беруге бағытталған магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

- докторантура PhD – ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесін дамытатын бағдарлама (Froumin, I., & Lisyutkin, M. ,2015).

Қазақстанда жолға қойылған осындай реформалардан соң білім беру саласында бірқатар өзгерістер орын алды. Мысалы:

- білім беру мекемелерінің құзіреті кеңейді;

- жалпы орта білім мен мемлекеттік оқу орындарында кәсіби білімді тегін оқытуға мемлекет кепілдігі берілді;
- үш тілде оқыту жүйесі енгізілді (қазақ, орыс және ағылшын);
- мемлекеттік емес оқу орындарына рұқсат берілді және шетел азаматтарына Қазақстан азаматымен тең дәрежеде білім алуға рұқсат берілді;
- кредиттік жүйе мен тегін оқу гранты бөлінді;
- жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарына кәсіби білім алу мен мобильділік бойынша оқуға мүмкіндік берілді;
- Жоғары оқу орындары жоғары білімді шыңдауға мүмкіндік беретін негізгі әлеуметтік орын ретінде дербестікке ие болды.

Білім беру саласындағы оң өзгерістер бәсекеге қабілеттілігінің уақыт өткен сайын артқанын көрсетеді. мысалы, Қазақстан ЮНЕСКО-ның білім беруді дамыту индексіне алғашқы ондыққа кіреді. Адами даму индексі рейтингінде Қазақстан 188 елдің ішінде 56-шы орынға көтерілді (Schwab, K., & Sala-i-Martin, X., 2016). Қазақстан өкіметі ғылым -білімге жыл сайын қаржы құюды арттырып келеді. 2018-2020 жылдар аралығында 1096 ғылыми жоба, 92 ғылым бағдарлама жүзеге асырылған. Мысалы, 2019 жылы "ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын" қабылдады. Аталған бес жылдықта бағдарламаны іске асыру үшін 11,5 млрд теңге қаржы бөлу көзделген [Аружан Мұханбетқали, 2020].

Қазақстандағы университеттер негізінен білім берумен айналысса, ғылымды зерттеумен ғылым академиясы шұғылданды. ҚазКСР Ғылым Академиясы 1946 жылдың 1 маусымында құрылған және Республика ғылымының басты орталығы әрі Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірушісі болып саналады. Республиканың Ұлттық ғылым академиясы алғашқы құрылған жылдарынан бастап бай табиғи ресурстарды игеру бойынша күрделі зерттеулерді жандандырып, еліміздің өндіріс күштерінің дамуына, қазақстандық қоғамның экономикалық, әлеуметтік және рухани дамуының маңызды мәселелерінің шешілуіне үлкен үлес қосты.

Қазақстан Республикасы тұңғыш президентінің жарлығына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясына "Республикалық қоғамдық бірлестігі" мәртебесі берілді. Содан бастап, мемлекеттен жалақы алып отырған ғалымдар енді тек қана ғылыми жобалармен айналысып күн көруге көшті. Бұл жағдай отандық ғылым саласының дамуына кері әсер етті.

Академиясының құрамында 2020 жылғы мәлімет бойынша 236 ғалым жұмыс істейді. Оның ішінде 160 академик және 76 корреспондент мүше бар. Олар алты негізгі бағыт бойынша республикадағы осы саладағы маманданған жоғары оқу орындарымен ғылыми байланыс негізінде жұмыс жасайды. Бұл бағыттар:

- жер туралы ғылымдар;
- физика, математика және информатика;
- химия және технология;
- биология және медицина;
- қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар;
- ауыл шаруашылық ғылымдары (<https://nauka-nanrk.kz/kz/index.htm>).

Қазақстан ғылым академиясы құрылымдық тұрғыдан екі үлкен салаға бөлінеді. Бірі мемлекеттік кәсіпорын. Ол негізінен кітапхана, музей және конференция залдарына жауапты. Ал енді бір құрылым - институттар. Жалпы 13 институт бар.

Қазақстан білім-ғылым саласындағы тағы бір аса үлкен өзгеріс - 2022 жылдың 11 маусым күнгі президент бұйрығымен білім және ғылым министрлігінің екі министрлікке бөлінуі болды. Бірі оқу-ағарту министрлігі. Ол бала бақша, бастауыш және орта мектепке жауапты болады. Ал ғылым және жоғары білім министрлігі ғылым мен жоғары оқу

орындары сондай-ақ жоғары білімнен кейінгі білім беру қызметіне жауапты болатын болды. Дербес министрлік болып құрылуы 2003 жылғы реформадан кейін қоғамдық ұйымға айналып қалған Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясын бұрынғы мемлекеттік мекеме ретіндегі мәртебесіне қайта оралуына әсер етті. Демек, тек қана ғылыми жобамен ғана күн көріп оитырған ғалымдарға кәдімгі мемлекеттік қызметкер ретінде жалақы төленетін болады. Бұл іс-шара 2023 жылдың қаңтар айынан басталады.

Қазақстанда өткізілетін әлеуметтік-экономикалық реформалар нәтижесінде, білім беру салаларында алға қойылып отырған келесі міндеттерді атап өтуге болады. Олар:

1. жоғарғы білім жүйесін барынша демократияландыру және басқаруды бір орталықтан жүргізуді зайту;

2. жоғарғы оқу орындарының құрылымы мен жүйесін әртараптандыру;

3. жаңа заңнамалық және нормативтік-құқықтық базаны құру;

4. жоғары білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарын қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласында үздіксіз реформаларды жүргізумен бірге халықаралық деңгейдегі ғылыми байланыстарды барынша дамытып келеді. Оның жарқын көріністері ретінде шетелден білікті мамандарды тарту, оларға дәріс оқыту, магистранттарды қысқа мерзімге шетелден тағылымдамадан өткізу, "Болашақ" Республикалық бағдарламасы және 2021 жылдан бері жолға қойылған "500 ғалым" бағдарламасын айрықша атауға болады. Бұл бағдарлама бойынша университет оқытушыларының әлемдегі ең алды 500 топ университет немесе ғылыми зерттеу орталықтарына барып бір жылға дейін іс-тәжірибеден өтуге мүмкіндік қарастырылған. Халықаралық қатынастар бойынша Қазақстан әлемнің көптеген елдерімен білім және ғылым саласында ынтымақтастығы жақсы дамып отыр. Соның ішінде біз бұл мақаламызда Қазақстанның Қытай және Жапониямен болған қарым-қатынасына сипаттама береміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы және Қазақстан мен Жапония арасындағы білім-ғылым саласындағы қарым-қатынастарды зерттеуде отандық және шетелдік ғалымдардың осы тақырып аясындағы зерттеулері, мақалалары мен талдаулары пайдаланылды. Одан басқа мемлекеттік және арнаулы зерттеу институттардың электронды басылымдарының, сондай-ақ БАҚ беттеріндегі әдебиеттер мен шолуларға талдау жасап пайдаланды. Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым бағытындағы мәселелер бұдан бұрын да талқыланған, қоғамда өзекті мәселеге айналған тақырыптың бірі. Бұл мақалада оның нақты сипатына толық тоқталуға тырыстық. Ал Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынастың әлі де даму үстінде екенін, бұл саланы дамытуға екі жақты мүдденің және мүмкіндіктің бар екенін тұжырымдадық. Мақаланы жазу барысында тарихи, мұрағаттық, баяндау, статистикалық және салыстыра талдау әдістері қолданылды.

Талқылау

Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы ортақ шекарасы ұзындығы – 1700 шақырымға ие көрші елдер. Қытай – еліміздің тәуелсіздігін алғашқы мойындап, дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекет. Екі ел арасында дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық, білім және техникалық бағыттағы байланыстар жылдан -жылға дамып келеді. Мысалы, Қытайдың «Бір белдеу және бір жол» жобасы ең алғаш Қазақстанда Си Цзиньпиннің Астанаға жасаған 2013 жылы сапарында жарияланды. Осы негізде қазақстандық инфрақұрылымдық жоба «Нұрлы жол» бағдарламасы пайда болды. Оның құны \$9 млрд. болды (Султанов Б.К. ,Алматы).

Бүгінгі күнге дейінгі Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық және институционалдық негізін құрайтын екі мемлекет арасында үкіметтік

деңгейде қол қойылған келісім-шарттар көп. Алайда оларды негізінен 4 санатқа бөлуге болады:

Біріншісі, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды орнату және айқындау бойынша құжаттар. Бұл келісімдер екі мемлекеттің жан-жақты қатынас орнатуына негіз болды. Мысалы:

«Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастар орнату туралы бірлескен коммюнике» (1992 ж., 3 қаңтар),

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы келісім» (2002 ж., 23 желтоқсан),

«Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестік орнату және дамыту туралы бірлескен декларация» (2005 ж., 4 шілде) және тағы басқа екі жақты келісім құжаттары.

Екіншісі, екі ел үкіметі арасындағы ынтымақтастық тетіктерін жетілдіруге қатысты келісімдер. Мысалы :

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша қазақ-қытай үкіметаралық комиссия құру туралы келісім (1992 ж., 26 ақпан),

Үшіншісі, Екі ел арасындағы келісім-шарттардың бұл санатында стратегиялық ынтымақтастықты жоспарлау және үйлестіруге қатысты құжаттар қамтылады. мысал ретінде, "Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003- 2008 жылдардағы ынтымақтастық бағдарламасы" (2003 ж., 3 маусым) және "Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытудың 2020 жылға дейінгі орта мерзімді бағдарламасы" (2013 ж. қыркүйегі) және басқа да келісімдерді айтуға болады.

Төртіншісі, екі ел арасындағы сан тарапты ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған келісімдер. Мысалы, кедендік бақылау, тауар инспекциясы, банк қызметтері, көлік тасымалы, транзит, логистика, Ляньюнган порты, мұнай және газ құбырлары, «Қорғас» халықаралық шекарамаңы ынтымақтастығы орталығы туралы құжаттарды осы санатқа жатқызуға болады.

Екі мемлекет арасындағы осындай көп жақтылы келісімдер негізінде сауда-экономикалық және басқа да салалар бойынша қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып отыр. Мысалы, қазіргі таңда Қытайдың Қазақстанның экономикасына құйған тікелей инвестициясының көлемі 42,8 млрд. АҚШ долларын құрап отыр. Елімізде 2945 Қытай тарапынан қаржыландырып отырған кәсіпорындар тіркелген (Керімбаев Е., Шәріпқазы Н., 2018). Олардың басым көпшілігі мұнай-газ салаларында қызмет жасап жатыр.

Бүгінгі таңда екі мемлекеттер арасында жасалған 68-ге жуық келісімдердің бірі – қос мемлекеттің Білім-Ғылым Министрлігінің 2003 жылғы «Білім беруге саласында ынтымақтастық» туралы келісімі мен 2006 жылғы «Қазақстанда алғашқы Конфуций институтын ашу» туралы келісімі болып табылады (<https://www.gov.kz>). Осы қабылданған білім беру саласындағы келісімдер мемлекеттер арасындағы білім көші-қонын қалыптастыруы мен дамуына ықпалын тигізді.

Қытай экономикасының дамуы оның білім және ғылым саласының да дамуына оң ықпал етті. Нәтижеде АҚШ пен Батыс Еуропа мемлекеттерінің білім беру жүйесімен бәсекелестікке түсетіндей жағдайға жеткен қытай университеттерінде әлемнің 202 мемлекеті мен аймақтарының азаматтары білім алуда. ҚХР Білім Министрлігінің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, 2019 жылы Қытайда 2956 мемлекеттік және 784 жеке ЖОО бар және ондағы жалпы студенттердің саны – 40,2 миллионнан астам (<https://www.gov.kz>). Оның ішінде Орталық Азия елдерінің студенттері де бар. Әсіресе «Жұмсақ күш» (“Soft power”) саясаты Қытайдың білім беру кеңістігінде рөлін арттыруға септігін тигізді. «Жұмсақ» әсер

ету өз студенттерін шетелге белсенді түрде жіберу және шетелдік студенттерді өз университеттеріне белсенді түрде тарту үдерісімен жүріп келеді. Оның басында қытай тілін шетелдерде насихаттау мақсатында құрылған білім беру құрылымдарының бірі – Конфуцзы институттары тұр. Олар ҚХР Білім министрлігіне тікелей бағынатын Hanbanға қарасты (Конфуцзы институттарының бас штаб-пәтерлері). Бүгінгі таңда Конфуций институттары әлемнің 154 елінде 548 институт жұмыс жасайды. Бұл туралы 2018 жылы Конфуций институттарының 13-ші Дүниежүзілік форумында жарияланды. Аталмыш білім орындарында білім алушылардың саны 1 миллионға жетіп жығылады.

Қытай білім беру саясатын жан-жақты арттыру негізінде мынандай үрдістер жүзеге асып жатыр:

1. Қытай үкіметі білім гранттарына қомақты қаржы бөлуде;
2. Жоғары оқу орындарының санын арттыруда;
3. Қытай тілі мен мәдениетін насихаттау мақсатында Конфуций институттарын ашуда;
4. Елдер арасындағы білім көші-қонын қолдауда;
5. Қытай университетерінде білім алуға ұмтылған студенттерден санын арттыруда .

Екі мемлекет арасындағы үкіметаралық келісімнің негізінде жыл сайын студенттер алмасу жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Бүгінде Қазақстанда қытай тілін үйренем деушілердің қатары күн санап артуда. Сәйкесінше елімізде қытай тілін үйрететін білім ордаларының саны да көбейіп келеді. Осыдан бар болғаны 10 жылдай бұрын елімізде қытай тілі тек жоғары оқу орындарында ғана оқытылып келсе, оның ішінде тек бір-екі ғана университетте, ал қазіргі таңда қытай тілі мектеп қабырғасынан бастап үйретіліп жатыр. Сонымен қатар, әр түрлі тілдер орталықтарында, кешкі мектептерде қытай тілі кеңінен оқытылуда [Омарова М.А., 2011]. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында 4 Конфуцзы институты жұмыс жасайды. Олар Алматы, Астана, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында орналасқан. Сонымен қатар Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында қытай тілі шет тілі ретінде жүргізіліп келеді. Қытай тілін халықаралық қатынастар, шығыстану, аймақтану, аударма ісі мамандықтарынан басқа қаржы, туризм, құқық мамандықтарының студенттері үйрену үстінде.

Жинақай келгенде, Қытай елі қазақстандық білім алушыларды Ресейден кейін ең көп қабылдаушы мемлекеттің бірі болып отыр. Соңғы он жылда Қытайдағы қазақстандық студенттер саны жылдан жылға артып келеді. 2003-2004 жылдары Қытайда үкіметаралық алмасу бағдарламасы бойынша 20 қазақстандық студент білім алса, 2018 жылы студенттер саны 17600-ге жетті. Оның ішінде қазақстандық 14 мың студент ҚХР-дың жоғары оқу орындарында үкіметтік гранттары негізінде білім алуда (<https://www.gov.kz>). Қазіргі таңда білім гранттары мен жәрдемақы шетелдік студенттер ағынын қалыптастырушы бірден-бір фактор болып отыр. Сондай-ақ, Жібек жолының «Бір белдеу, бір жол» жобасының траекториясы бойынша Азия, Еуропа және Африканың 18 мемлекетінен білім алып жатқан әр грант иегеріне жылына 20000-30000 юань бөлінеді [Статистикалық мәліметтер // Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі http://www.moe.gov.cn/s78/A03/moe_560/jytjsj_2019/].

Қытайда білім алатын студенттердің таралуы әркелкі. Қазақстандық студенттердің үштен бірі Бейжіңде – 4 мыңға жуық, Үрімшіде – 1250, Шанхайда – 800, Сианда – 700, Гуанчжоу – 500, Уханада – 400 және басқа қалаларда оқиды [Nye, J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: Public Affairs Group, 2004]. Статистикаға сүйенсек, Қытайда оқитын қазақстандық жастар халықаралық қатынастар, әлемдік сауда, бизнес және т.б гуманитарлық мамандықтар мен мұнай барлау мен өндіру, машина жасау, құрылыс секілді техникалық мамандықтарда оқиды. Сонымен бірге Қазақстанда сирек және мүлдем кездеспейтін мамандықтарда оқу шетелде білім алудың үрдісіне айналуда. Қазақстандық студенттер белгілі бір мамандықты игерумен қатар, қытай тілін меңгеруге мүмкіндік береді.

Қытай тілі мен мәдениеті шетелдік білім алушылар үшін маңызды әрі міндетті оқу компоненті болып табылады (Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B, 2019).

ҚХР-дағы білім көші-қонының артуының мұндай қарқынды динамикасына бірнеше себептер бойынша қол жеткізілді:

Біріншіден, білім беру саласындағы ынтымақтастық екі елдің экономикалық қажеттіліктеріне негізделген.

Екіншіден, қазақстандық білім және ғылым жүйесіндегі қордаланған мәселелерге байланысты. Басты мәселелер ретінде: көптеген жылдар бойы жеткіліксіз қаржыландырылу, материалдық-техникалық базаның төмен болуы, қоғамдық-гуманитарлық мамандықтардың басым болуы, дайындалған мамандардың еңбек нарығы қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі, қалаларда білім беру мен өмір сүрудің қымбат болуы, сыбайлас жемқорлық мәселесінің белең алуы және басқада жағдайларды атауға болады.

Үшіншіден, жастар Қытайдағы университеттік білім берудің салыстырмалы арзандылығын, Қытайдың жоғары оқу орны – салыстырмалы түрде сапалы әрі қолжетімді, тегін білім алу, сонымен бірге қытай тілі мен мәдениетімен танысу мүмкіндігі. Қытай университеттерін бітіруші түлектер әлемдік экономикада беделді ҚХР-да жұмысқа орналаса алады. Бұл тұрғыдан Қазақстан жұмыс күшінен айырылу қаупіне ұшырайды (<https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/>). Себебі жас мамандарға Орталық Азияда инфрақұрылымдық-инвестициялық жобаларды іске асыратын Қытай компанияларында жұмыс істеуге мүмкіндік береді (Гурулева, Т.Л., 2017).

Дегенмен еліміз үшін білім көші-қоны – академиялық ұтқырлық пен ғылыми-зерттеу ынтымақтастығының мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ елдің еңбек нарығын түрлі салалардағы білікті мамандармен қамтамасыз етуге үлесін қосады. Білім алушылардың көші-қоны екіжақты ғылыми-білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауда-экономикалық, гуманитарлық байланыстарды дамытудың, халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың негізгі факторының бірі болып табылады.

Екі мемлекет арасындағы мәдени және білім-ғылым саласындағы байланыстың тағы бір маңызды көрсеткіші - Қазақстанда, соның ішінде Алматы қаласында қытай тіліндегі және қытай еліне қатысты кітапханалар мен кітап дүкендерінің жұмыс істеуі. Соның бірі Қазақстандағы Қытай мәдениеті мен экономикасын, білімін мен өнерін таныстыратын Алматы қаласында орналасқан «Шанс» атты кітап дүкені. Ол 2019 жылдың соңынан бері жұмыс істеп келеді. Дүкенде Қытай еліне қатысты сан түрлі тақырыптағы орыс, қазақ және қытай тілдерінде 700-ден астам кітаптар бар. «Шанс» кітап дүкенін Қытайдың жеке мәдени кәсіпорны Shangsi International Publishing Group басқарады. Оның Ресейде, Қырғызстанда, Қазақстанда және басқа да елдерде тәуелсіз баспа мекемелері мен тарату арналары құрылған. Кітап дүкені қала тұрғындарының Қытайдың ежелгі тарихы мен мәдениетіне сондай-ақ қазіргі Қытайдағы даму мен ондағы өзгерістерді түсінуге көмек көрсетуді мақсат етеді. Осы арқылы екі ел арасындағы өзара түсіністікті тереңдетуді де көздейді.

Қазіргі таңда Shangsi Group қытай тіліндегі 75 кітапты қазақ тіліне аударып, басып шығарды. Кітап дүкеніндегі ең танымал санаттарға Қытайдың «Конфуцийшілдік», «Сун-цзының соғыс өнері» сияқты ежелгі философиялық еңбектер, сондай-ақ Қазақстанға танымал Мо Янь, Ли Пейфу және Ван Мэннің заманауи шығармалары енді. Бұдан сырт, қытай тіліне қатысты оқулықтары да сұранысқа ие. Бұл Қазақстанда кең таралып келе жатқан «қытай тілін үйренуге» оңтайлы болып отыр.

Ал енді қытай тіліндегі кітапхана - Алматы қаласындағы "Ұлттық кітапханада" орналасқан. Ол жерде шамасы 100 шаршы метр аумақта үлкен екі бөлмеде қытай тіліндегі және аз мөлшерде ағылшын тілінде аударылған қытайлық авторлардың 12 мың қоры сақтаулы. Оның басым көпшілігі көркем әдебиет, тарихи еңбектер, ғылым-техника, медицина және ауыл-шаруашылығына қатысты кітаптар. Алайда кітап қорының ішінен

соңғы 4-5 жыл көлеміндегі жаңа кітаптар кездеспеді. Оның себебі, соңғы уақытта жаңа кітаптар Қытайдан келмеген екен.

Жапония мен Қазақстанның білім-ғылым саласындағы байланыстарға тоқталар болсақ, қол жеткен жетістіктердің бар екенін, алайда мүмкіндіктің одан бетер зор екенін аңғарамыз. Күн шығыс елі Қазақстанның сыртқы саяси экономикалық бағыты күннен күнге ерекше үлкен рольге ие болып келеді. Екі ел арасында әртүрлі салалардағы қатынастар дамып келеді. Бұл қатынастар 1991 жылы Жапония ресми түрде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындау және 1992 жылы дипломатиялық қатынастарды орнатудан басталды. 1997 жылдың ақпанынан бері Токиода Қазақстан Республикасының елшілігі қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде халықтарымыз тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да жақындай түсті. Біздің елімізде дәстүрлі жапон тағамдары бар мекемелер көбейіп келеді, шығыстық минимализм рухындағы жапондық дизайн элементтері барған сайын қолданылуда, жапон тілін, мәдениеті мен өрлеу елінің жауынгерлік өнерін шындап зерттеп жүрген жастардың жапондық сапа стандарттарына ұмтылу – мұның барлығы Жапонияның Қазақстанға тікелей ықпалы және қазақтардың жаңа ұрпағы мәдениетін байыту болып табылады (<https://www.kz.emb-japan.go.jp>).

Тәуелсіздігін жаңадан алған, жас әрі халқы аз Қазақстан үшін өзінің тілін сақтау мен дамытудың маңызы айрықша зор. Бұл бағыт бойынша, Жапонияның мектептерінде ең алдымен жапон тіліне мән берілуі немесе білім алудың ең негізгі бастамасы ана тілді үйрену деп қабылдау дәстүрі біз үшін аса тартымды, үйренуге тиісті қасиет болмақ. Екі ел арасындағы жоғары білім саласындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары ретінде білім министрліктерінің, мелекеттік ұйымдардың және университеттер мен академиялық институттардың байланыстарын атауға болады. Осы салалар бойынша Қазақстан мен Жапонияның білім-ғылым бағытындағы байланыстарын төмендегідей бірнеше деңгейде бөліп қарастыруға болады:

1. Мемлекет деңгейіндегі ынтымақтастық;
2. Мемлекеттік ұйымдар арасындағы ынтымақтастық;
3. Мемлекеттік және жеке меншік университеттерді қоса алғандағы университеттер аралық ынтымақтастық;
4. Үкіметтік емес ұйымдар және коммерциялық емес ұйымдарды қосқанда, жеке деңгейде білім беруді қолдау жобалар аясындағы ынтымақтастық.

Бірінші түрдегі ынтымақтастық. Бұл қазақстандық студенттердің Жапонияда академиялық ұтқырлық бағдарламасы мен немесе толық білім алуға жапон үкіметі тарапынан көрсетілетін қолдау. Мәселен, МЕХТ жыл сайын талантты жастарға Жапонияда білім алуға мүмкіндік беретін стипендиялық бағдарламасын ұсынады. Қазақстандағы Жапония елшілігінің қолдауымен өткізілетін бұл бағдарлама, бір жылдық жапон тілін үйренуге арналған курстан бастап, кәсіптік білім және толық курстық бакалавр, магистратура және докторантура бойынша шәкіртақы ұсынады. Ал Қазақстан тарапынан «Болашақ» бағдарламасы магистратура және докторантура бойынша қазақстандық жастардың Жапонияда білім алуына жағдай жасап отыр (Kashteluk Arii., 2014).

Екінші түрдегі ынтымақтастық. Japan Foundation, JICA, JASSO сияқты Жапонияның мемлекеттік ұйымдары арқылы ынтымақтастықты дамытып, серіктестікті орнату жобаларын жатқызуға болады. Japan Foundation – бүкіл әлем бойынша мәдени өзара алмасудың кешенді бағдарламаларын жүзеге асыруға арналған Жапонияның мемлекеттік ұйымы. Қор Жапонияның тұрғындары мен басқа елдер арасындағы өзара түсіністікті тереңдету мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, ақпараттық қызмет көрсету, адамдардың араласуына мүмкіндік жасау бойынша жұмыс жасайды. Japan Foundation негізінен төрт салада түрлі бағдарламалар ұсынады, олар:

1. Өнер және мәдениет саласындағы алмасулар;

2. Шетелде жапон тілін үйрету;
3. Жапонтану және интеллектуалды алмасулар;
4. Азиядағы мәдени алмасуды нығайту.

«Өнер және мәдениет саласындағы алмасулардың» өзі бірнеше бағыттарға бөлінеді, мәселен:

1. Жапондық өнер иелері мен ұйымдарға шетелдік ісшараларға қатысуға қаржылай көмек көрсету;

2. Шетелдік өнер және мәдениет ұйымдарына жапондық дәстүрді құрыптау немесе сонымен таныстыру шараларына қолдау көрсету. Бұл түрдегі қолдау көрсетудің өзі де төрт топқа бөлінеді:

- театрларға қаржылай көмек көрсету;
- музей және басқа да ұйымдарға жапондық көрмелерді ұйымдастыруға қолдау көрсету;
- жапондық өнер мен жинақтарды дәріптеу мақсатында шетелдік музейлердің инфраструктурасына көмектесу;

- жапон тілінде жазылған шығармаларды аудару мен басып шығаруға шетелдік басылымдар мен аудармашыларға қаржылай көмек көрсету.

Осындай көрмелердің қатарына 2017 жылы Жапон қорының ұйымдастырған 100 экспонаттан тұратын «Заманауи 100 жапон дизайны» атты көшпелі көрмені де қосуға болады.

Жапон қорының «Шетелде жапон тілін үйрету» бағыты бойынша келесі шаралар іске асырылады:

1. Жапон тілін үйрететін шетелдік білім орталықтарына грант бөлу;

2. Шетелдік мамандардың ішінен жапон тілі оқытушыларын даярлау (Сайтама префектурасындағы институт негізінде);

3. Жапон тілінің оқытушыларын онлайн даярлау;

4. Мәдени және академиялық салаларда шетелдік оқытушылар мен мамандарды даярлау (Осака қаласындағы институт базасы негізінде) ([2013//http://www.alinur.kz](http://www.alinur.kz)). Бұл бағдарламаларға қазақстандық жапонтанушы мамандар мен жапон тілін үйрететін қазақстандық университеттер жиі қатысады. Олардың ішінде жапонтанудың ең ірі орталығы болып саналатын ҚазҰУ-дың бірлескен жобалары мен алған гранттарын атауға болады. Мысалы, 2017 жылы Жапон қорынан ҚазҰУ оқытушыларына төрт жобаға көмек көрсетілген. Бұл, сол жылы университет қатысқан халықаралық жобалар мен гранттардың 8% құраған. Пайыздық көрсеткіші жағынан бұл ҚазҰУ-да жүзеге асырылған Erasmus+ жобаларынан ғана кем. Мұндай жетістіктер аталмыш қор мен ҚазҰУ арасындағы тығыз байланысты аңғартады. Жобалардың ішінде шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы М.Шадаеваның жетекшілік еткен «Nihongo Projects – Tour of Japanese Class in Kazakhstan» атты жобасын атауға болады. Жоба 2015-2017 жылдар аралығында жүзеге асырылған, ал 2017 жылы бөлінген қаржылай көмек көлемі 452,4 мың теңгені құраған. 2016 жылы да Жапон қорының қолдауымен ҚазҰУ оқытушылары төрт жобаны жүзеге асырған.

Шетелдік мамандардың ішінен жапон тілі оқытушыларын даярлау бағыты бойынша Жапон қоры жылда қазақстандық жапон тілі мамандарын Сайтама префектурасында (Saitama Prefecture) орналасқан Урава жапон тілі институтында (Japanese-language Institute Urawa) өткізілетін дайындық курстарына шақырады. Институт ұсынатын курстар бірнеше топқа бөлінеді және негізінен жапон тілін үйрету әдіснамасымен қатар жапон мәдениеті және қоғамымен таныстыру дәрістерін де қамтиды. Осы курстарға жыл сайын 6 апта мен 6 ай аралығында ҚазҰУ мен Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушылары қатысады.

1990 жылдардың басынан 2010 жылдардың ортасына дейін Жапон қоры жапон тілін, мәдениетін және тарихын оқытатын қазақстандық жетекші ЖОО-ға өздерінің мамандарын жіберіп отырды. Ондағы мақсаты, Қазақстанда жапонтанушы мамандарды дайындауға және жапонтану мектебінің қалыптасуына ат салысу еді. Жиырма жылға жуық тарихы бар қазақстандық жапонтану мектебінің іргесі қаланып, өз бетінше дами алатын дәрежеге жеткендіктен, қазіргі таңда Жапон қорының жапон тілі мамандары жіберілмейтін болды. Ол мамандардың орынын жапондық серіктес университеттерден келген мамандар ауыстырды.

Жапон тілі мен мәдениетінің Қазақстанда дамуына бағытталған жобаларға қолдау көрсеткен жапондық ұйымдардың қатарында "One Asia" қорын да атап өту қажет. 2012-2016 жылдар аралығында осы қордың қаржылай көмегі арқасында ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің оқытушысы Чан Бенг-Сун жетекшілік еткен «Asian Community» жобасы орындалды. Сондай-ақ философия және саясаттану факультетінің профессоры Г.О. Насимова бастаған оқытушылар ұжымының жобалары да жүзеге асырылды.

Үшінші түрдегі ынтымақтастық. Білім және ғылым салалары бойынша Назарбаев университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Абылай хан атындағы халықарылық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы менеджмент университеті, Нархоз университеті, Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, С.Д. Асфендияров атындағы қазақ медицина университеті және Семей медициналық университеттерін атауға болады. Олар Жапонияның Токио университеті, Цукуба (Tsukuba), Токай (Tokai), Васэда (Waseda) және т.б. университеттерімен академиялық және ғылыми әріптестік қатынастарды қарқынды дамытып отыр. Мысалы, 2020 ж. 22 желтоқсанда Цукуба университетінің жанында «Әл-Фараби орталығы» ашылды.

Төртінші түрдегі ынтымақтастық. Бұған өкіметтік және коммерциялық емес ұйымдар қызметі жатады. Бұған Хейва Накаджима қоры (Heiwa Nakajima Foundation) және Мицубиши корпорациясының жеке шәкірт ақысы (Mitsubishi Corporation personal scholarship), Мацумаэ халықаралық қоры (The Matsumae International Foundation) сияқты тағы да басқа стипендиялық бағдарламаларды жатқызуға болады. Бірақ қаржыландырудың бұл түрінде бөлінетін орын саны шектеулі болады және олар да серіктес университеттер немесе ұйымдар арқылы беріледі.

Қорытынды

Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, ашық-нарықтық қарым-қатынасқа көшті. Шетелдермен арадағы байланыстар жан-жақты дамуға ие болды. Соның ішінде білім, ғылым және мәдениет саласындағы қарым-қатынастың мәні мен маңызы зор. Себебі, жастарды тәрбиелеудің басты құралы ол -білім. Міне осы тұрғыда жастарымыздың қандай елден білім алуын зерттеудің маңызы үлкен. Өйткені, әрбір ел өз мүддесі мен өзінің төл мәдениетін басқаларға ұсынуды қалайды. Ал олардың мүддесінің біздің отандық мүддемізге сай келуі немесе келмеуі мүмкін. Осы тұрғыда жастардың білім алуы мен шетелдік білім орындарының елімізге келуін қадағалаудың орны бөлек.

Жалпы алғанда, Қазақстан мен Қытай және Қазақстан мен Жапония арасындағы білім және мәдениет саласындағы қатынастарды зерттеудің басы бұрыннан басталады. Бұл қоғамда көп талқыланған тақырып. Әлі де жалғасты зерттеуді талап етеді. Білім мен мәдениет саласындағы қарым-қатынас кез-келген мемлекеттер арасында алғаш дипломатиялық байланыстарды орнатқан сәттен басталып қолға алынатын сала. Сондықтан бұл саладағы байланыс бізбен Қытай немесе Жапония арасында маңызды тақырып ретінде сақталып келеді. Қазіргі таңда жаңа деңгейге жетті деп айтуға толық негіз бар. Университеттер мен мемлекеттік ұйымдардың тығыз жұмысының арқасында біршама істер жүзеге асырылып, нәтижесін беріп отыр (<http://total.kz/politics/2012>).

Біздің елдің Қытайдан да, Жапониядан үйренері салалары көп. Олардың қатырына мына салалар кіреді:

- биотехнология;
- нанотехнологиялар мен IT технологиялар;
- экология және қаланы жасылдандыру;
- жаңа энергия көздерін игеру;
- медицина және дәрі-дәрмек өндірісі
- гуманитарлық ғылымдар саласында жапон тілі мен мәдениеті мысалында қазақ тілі мен мәдениетін танымал ету әдістерін үйрену.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас біршама жақсы дамығанын көреміз. Алайда Жапониямен арадағы дипломатиялық байланыстар орнатылғанымен, ғылым және білім, оның ішінде ЖОО арасындағы серіктестіктің жалпы стратегиясының бекітілмегені, сондықтан университеттер арасындағы байланыстың бір жүйеге келтірілмегені аңғарылады. Болашақтағы серіктестікті дамытып, әрі қарай жандандыру үшін осы мәселелерді шешуге назар аудару қажет.

Әдебиет:

1. Kaster Sarkytkan, Azamat Baitassov, Sholpan Karbayeva (2021). Methods For Teaching Kazakhstan's Global Competitiveness Through an Elective Course on Economic and Social Analytics For 11th Grade Secondary School Students. Review of international geographical education. Volume 11 No. 5 (2021), Page 349].

2. Шетелдік университеттердің филиалдары қай қалаларда ашылады [In which cities branches of foreign universities are opened] <https://sputnik.kz/20220201/Sheteldik-universitet-filial-19251350.html>.

3. Қазақстанда қанша университет және студент бар? 02.02.2021 <https://www.inform.kz>

4. Harman, G., Hayden, M., & Nghi, P.T. (2010). Higher education in Vietnam: Reform, challenges and priorities. In *Reforming higher education in Vietnam* (pp. 1-13). Springer, Dordrecht

5. Froumin, I., & Lisyutkin, M. (2015). Excellence-driven policies and initiatives in the context of Bologna process: Rationale, design, implementation, and outcomes. In *The European higher education area* (pp. 249-265). Springer, Cham.

6. Schwab, K., & Sala-i-Martin, X. (2016, April). The global competitiveness report 2013–2014: Full data edition. World Economic Forum.

7. Аружан Мұханбетқали. Қазақстан ғылымы: бүгін және ертең <https://qazaq1913.com/2020/08/11>.

8. <https://nauka-nanrk.kz/kz/index.html>

9. Султанов Б.К. Политика и интересы великих держав в Казахстане. -Алматы, 2002. - 234 с.

10. Керімбаев Е., Шәріпқазы Н. Қытайдың сыртқы саясатындағы тілдің рөлі // ҚазҰУ «Хабаршысы», Шығыстану сериясы. -Алматы, 2018. -№1 (84), 54-60 б.

11. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сайты. <https://www.gov.kz/>

12. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. <https://www.gov.kz/>

13. Омарова М.А. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар (1992-2010). - Алматы: Қазақ университеті, 2011. -340 б.

14. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі. <https://www.gov.kz/>

15. Статистикалық мәліметтер // Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі http://www.moe.gov.cn/s78/A03/moe_560/jytjsj_2019/

16. Nye, J. *Soft Power: The Means to Success in World Politics*. — New York: Public Affairs Group, 2004

17. Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517>

18. Практически все казахстанцы обучаются в китайских вузах за счет Пекина. <https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/>

19. Гурулева, Т. Л. (2017) Система образования в Китайской Народной Республике: структура и основные направления развития / Т. Л. Гурулева // Высш. образование в России, № 7, С. 152–164

20. Официальный сайт посольства Японии в Казахстане https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/culture-education.html

21. Kashteluk Aгii. Посол Японии и Председатель Мажилиса рассказал о развитии отношений между Японией и Казахстаном, 26 марта 2014 г. <http://www.liter.kz/news/view/45382>

22. Отношения между Японией и Казахстаном. 07.09. 2013//<http://www.alinur.kz>

23.Казахстан и Япония производят военную оборудование, 11.07.2012//<http://total.kz/politics/2012/07/11/>

References:

1. Kaster Sarkytkan, Azamat Baitassov, Sholpan Karbayeva (2021). Methods For Teaching Kazakhstan's Global Competitiveness Through an Elective Course on Economic and Social Analytics For 11th Grade Secondary School Students. Review of international geographical education. Volume 11 No. 5 (2021), Page 349].

2. Sheteldik ýniversitetterdiń filialdary qai qalalarda ashylady <https://sputnik.kz/20220201/Sheteldik-universitet-filial-19251350.html>. [in kazakh] [electronic resource]

3. Qazaqstanda qansha ýniversitet jáne stýdent bar? [How many universities and students are there in Kazakhstan?] 02.02.2021 <https://www.inform.kz> [in kazakh] [electronic resource]

4. Harman, G., Hayden, M., & Nghi, P.T. (2010). Higher education in Vietnam: Reform, challenges and priorities. In Reforming higher education in Vietnam (pp. 1-13). Springer, Dordrecht

5. Froumin, I., & Lisyutkin, M. (2015). Excellence-driven policies and initiatives in the context of Bologna process: Rationale, design, implementation, and outcomes. In The European higher education area (pp. 249-265). Springer, Cham.

6. Schwab, K., & Sala-i-Martin, X. (2016, April). The global competitiveness report 2013–2014: Full data edition. World Economic Forum.

7. Aruzhan Mukhametkaly. Qazaqstan gylymy: bugin jane erteng [Science of Kazakhstan: today and tomorrow] <https://qazaq1913.com/2020/08/11>. [in kazakh] [electronic resource]

8. <https://nauka-nanrk.kz/kz/index.html>

9. Sultanov B.K. Politika I interesy velikix derzhav v Kazakhstane [Politics and interests of great powers in Kazakhstan]. – Almaty, 2002. -234 s. [in russian]

10. Kerimbayev E., Sharipkyzy N. Kytaiding syrtky sayasatindagy tilding roli [The role of language in China's foreign policy] // Kaz GU «Xabarshysy», Shygystanu seriasy. -Almaty, 2018. - №1 (84), 54-60 b. [in kazakh]

11. Kazakhstan Syrtky ister ministrliги [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan] <https://www.gov.kz/> [in kazakh] [electronic resource]

12. Kazakhstan Syrtky ister ministrliги [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan] <https://www.gov.kz/> [in kazakh] [electronic resource]

13. Omarova M.A. , Ortalik Azia men Kytai arasindagy bailanystar (1992-2010) [Relations between Central Asia and China (1992-2010)] – Almaty: Kazakh universiteti, 2011. -340 b.[in kazakh]

14. Kazakhstan Syrtky ister ministrliги [Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan] <https://www.gov.kz/> [in kazakh] [electronic resource].
15. Stasistikalyk malimetter [Statistical data] // KXR Bilim ministirligi http://www.moe.gov.cn/s78/A03/moe_560/jytjsj_2019/ [in chinese].
16. Nye, J. Soft Power: The Means to Success in World Politics. — New York: Public Affairs Group, 2004
17. Serikkaliyeva A.E., Nadirova G.E., Saparbayeva N.B (2019) Educational migration from Kazakhstan to China: Reality and prospects // Integration of Education 23(4), pp.504-517 DOI: <https://doi.org/10.15507/1991-9468.097.023.201904.504-517> [electronic resource]
18. Praktiqeskie vse kakakhstansy obuqauit v kitaickox vuzax za sqet Pekina. [https \[Almost all Kazakhs study in Chinese universities at the expense of Beijing\]](https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/) [//kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/](https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/) [in russian] [electronic resource].
19. Guruleva T.L., (2017) Sistema obrazovanye v Kitaiskoi Narodnoi Respublika: struktura i osnovnye napravlenya razvinie [Education system in the People's Republic of China: structure and main directions of development] // Vishe obrazovanie v Rossii, № 7, С. 152–164 [in russian].
20. Ofissialny sait posolstvo Yaponi v Kazakhstane [The official website of the Embassy of Japan in Kazakhstan] https://www.kz.emb-japan.go.jp/itpr_ru/culture-education.html [in russian] [electronic resource]
21. Kashteluk Aarii. Pasol Yaponi I Predsedatel Majilisa rasskazal o razvitie otnoshenye mezhdou Yaponiei I Kazakhstanom [The Ambassador of Japan and the Chairman of the Majilis spoke about the development of relations between Japan and Kazakhstan], 26 marta 2014 g. <http://www.liter.kz/news/view/45382> [in russian]
22. Otnoshenye mezhdou Yaponiei I Kazakhstanom [Relations between Japan and Kazakhstan]. 07.09. 2013/<http://www.alinur.kz> [in russian] [electronic resource].
23. Kazakhstan i Yaponia prozivodiat voennu oborudobanie [Kazakhstan and Japan produce military equipment], 11.07.2012/<http://total.kz/politics/2012/07/11/> [in russian] [electronic resource].

¹Саркытқан К. ²Дунбаева З. ³Ахметова А.

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

² *Специализированный лицей № 126, Алматы, Казахстан*

³ *КазНПУ им. Абая, руководитель научно-инновационного парка «Abai LABS», Алматы, Казахстан*

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²zaure.donbayeva@mail.ru, ³aktlek_ahmetova@mail.ru

ЭТАПЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ КАЗАХСТАНА И МЕЖДУНАРОДНАЯ ИНТЕГРАЦИЯ (НА ПРИМЕРЕ КИТАЯ И ЯПОНИИ)

Аннотация. Статья направлена на изучение отношений Казахстана с Китаем и Японией на основе описания структуры и особенностей образовательной и научной сферы Казахстана. Для этой цели поставлены следующие задачи: В статье описаны достижения, достигнутые на основе реформ Республики Казахстан в области образования и науки в период после обретения независимости; а также особенности и структурные условия отечественного образования и науки; Также освещены последние новости в сфере образования и науки в Казахстане. В статье рассматриваются правовые и институциональные предпосылки, подписанные на правительственном уровне контракты и многосторонние соглашения, которые легли в основу тесных отношений между Казахстаном и Китайской Народной Республикой. В том числе экономическое, культурное и

сотрудничество в области образования и науки. Этот контент является своеобразной новинкой статьи.

В качестве основных результатов в статье можно рассмотреть следующие выводы. Во-первых, растет влияние Китая на систему образования и науки Казахстана. Это можно описать такими случаями, как увеличение числа изучающих китайский язык в Казахстане, увеличение числа центров обучения китайскому языку, ежегодное увеличение числа студентов, обучающихся с выездом в Китай, налаживание продажи литературы на китайском языке в книжных магазинах и библиотеках Казахстана.

Во-вторых, отношения между Японией и Казахстаном в сфере образования и науки в настоящее время только развиваются, но развитие показывает большие перспективы. Это потому, что Япония является важной страной во внешней политике и экономическом сотрудничестве Казахстана. Поэтому делается вывод о том, что отношения между Казахстаном и Японией в сфере образования и культуры имеют полную основу для того, чтобы быть высокими на современном уровне.

Благодарность: Данная статья написана на основе результатов исследования проекта грантового финансирования под названием: ИРН АР19679663 «Интеграция интересов в современном геополитическом пространстве Центральной Азии: Экономическая интеграция и факторы национальной безопасности».

Ключевые слова: отечественное образование, реформы в области науки, миграция знаний, юридически-правовые основы, интеграция образования.

Sarkytkan K.¹ Dunbayeva Z.², Akhmetova A.³

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Almaty, Lyceum school No. 126, Almaty, Kazakhstan

³ KazNPU named after Abaya, Head of the scientific and innovation Park «Abai LABS»
Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹kaster0102@mail.ru, ²zaure.donbayeva@mail.ru, ³aktlek_ahmetova@mail.ru

STAGES OF DEVELOPMENT OF THE EDUCATION AND SCIENCE SYSTEM OF KAZAKHSTAN AND INTERNATIONAL INTEGRATION (ON THE EXAMPLE OF CHINA AND JAPAN)

Abstract. The article aims to study the relationship of Kazakhstan with China and Japan on the basis of a description of the structure and features of the educational and scientific sphere of Kazakhstan. For this purpose, the following tasks are set: The article describes the Republic of Kazakhstan's achievements based on the reforms carried out in education and science in the post-independence period; as well as the specific features and structural conditions of domestic education and science; The latest developments in the field of education and science in Kazakhstan are also included. The article discusses legal and institutional prerequisites, contracts signed at the government level, and multilateral agreements that formed the basis for close relations between Kazakhstan and the People's Republic of China. These include economic, cultural educational, and scientific cooperation. These contents are a kind of novelty of the article.

The following conclusions can be considered as the main results of the article. First, China's influence on Kazakhstan's education and science system is growing. This can be characterized by the fact that there is an increase in Chinese language learners in Kazakhstan, an increase in Chinese language teaching centers, an annual increase in the number of students visiting China, and the sale of Chinese-language literature in bookstores and libraries in Kazakhstan.

Secondly, relations between Japan and Kazakhstan in education and science are only developing, but the development shows excellent prospects. This is because Japan is essential to

Kazakhstan's foreign policy and economic cooperation. Therefore, it is concluded that relations between Kazakhstan and Japan in the field of education and culture at the current level have a solid basis.

Acknowledgment: This article was written based on the research results of the research project for grant funding of the: IRN AP19679663 «Interaction of interests in the current geopolitical space of Central Asia: Based on economic integration and national security factors».

Key words: domestic education, reforms in the field of science, educational migration, legal and legal foundations, educational integration.

Авторлар туралы мәлімет:

Қастер Сарықтқан, г.ғ.к., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан

Дунбаева Зәуре, география пәні бойынша педагогика магистрі, Алматы қаласы, № 126 мамандандырылған лицей оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Ахметова Ақтілек, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Abai LABS» ғылыми-инновациялық паркінің жетекшісі, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Кастер Саркытқан к.ғ.н., профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан

Дунбаева Зауре, магистр педагогики по географии, преподаватель специализированного лицея № 126, Алматы, Казахстан

Ахметова Актилек, руководитель научно-инновационного парка «Abai LABS», КазНУ им. Абая», Алматы, Казахстан

Information about authors:

Kaster Sarytkan, Candidate of Geographical Sciences, Professor of the Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Dunbaeva Zaire, master of pedagogy in geography, teacher of specialized Lyceum No. 126, Almaty, Kazakhstan

Akhmetova Aktilek, Abai kaznu, head of the scientific and Innovation Park «Abai LABS» Almaty, Kazakhstan

*Келіп түсті 29 желтоқсан 2023 жыл
Қабылданды 25 ақпан 2024 жыл*